

Баянауыл ауданында 2009 жылы ақылы қоғамдық жұмысты ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 6 сәуірдегі N 52/4 қаулысы. Павлодар облысы Баянауыл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 22 сәуірде N 63 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы N 10/1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімдігінің 2010.01.30 N 10/1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 31-бабы 1-тармағының 13-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-тармақшасы, 20-бабы 1-тармағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмысты ұйымдастыру және қаржыландыру ережесіне 8 тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2009 жылы Баянауыл ауданында ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізуші ұйымдар тізімі, көлемі, түрлері, қаржыландыру көздері және нақты жағдайлар қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Майқайың кенті мен ауылдық округтер әкімдері, мекеме басшылары (келісім бойынша) жұмыспен қамту бөлімімен бірлесіп қоғамдық жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Майқайың кенті мен ауылдық округтер әкімдері жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жолдамасы арқылы қоғамдық жұмысқа ең алдымен нысаналы топтарға кіретін адамдарды тартсын.

4. Қоғамдық жұмыстар үшін төленетін ақы Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген төменгі еңбекақыдан төмен болмауға тиіс.

5. "Қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі аудандық бюджеттен қарастырылған қаражат шегінде қоғамдық жұмыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

6. Жұмыскерлердің жекелеген санатын толық емес жұмыс күнімен жұмыс істеуге мүмкіншілік беру және жұмыс уақытын ұйымдастырудың икемді түрлерін қолдану ұсынылсын.

7. Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 28 қаңтардағы "Баянауыл ауданында ақылы қоғамдық жұмысты ұйымдастыру туралы" N 19/1 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 12-5-50 тіркелген, 2008 жылғы 15 ақпандағы N 8 (148) "Баянауыл баурайы" газетіне жарияланған) және аудан әкімдігінің 2008 жылғы 12 қыркүйектегі "Баянауыл аудан әкімдігінің 2008 жылғы 28 қаңтардағы "Баянауыл ауданында ақылы қоғамдық жұмысты ұйымдастыру туралы" N 19/1 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 133/9 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 12-5-56 тіркелген, 2008 жылғы 26 желтоқсандағы N 54(194) "Баянауыл баурайы" газетіне жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

8. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан соң 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.К.Тоғжігітоваға жүктелсін.

Аудан әкімі

Қ. Шәкіров

Баянауыл

ауданы

әкімдігінің

2009

жылғы

6

сәуірдегі

N

52 / 4

қаулысына

ҚОСЫМША

N р/с	Ұйымдар атауы	Қоғамдық жұмыс түрлері	Жұмыстар көлемі	Сұраныс (өтінім жасалған қажеттілік)	Ұсыныс (бекітілген)	Қаржыландыру көздері
1.	Майқайың кенті әкімінің аппараты	Аудан көлемінде көгалдандыру;	400 бұталарды отырғызу;	38	38	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу;	3 000 шаршы метр ;			
		Канализациялық және басқа да коммуникацияларды жөндеу	500 метр.			
2.	Баянауыл ауылдық округі әкімінің аппараты	Аудан көлемінде көгалдандыру;	300 бұталарды отырғызу;	40	40	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу.	2 000 шаршы метр ;			
3.	Ақсан ауылдық округі	Аудан көлемінде көгалдандыру;	60 бұталарды отырғызу;	8	8	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу;	800 шаршы метр;			

	әкімінің аппараты	Баспа өнімдерін таратуға көмек.	аптасына 200 дана ;			
4.	Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты	Аудан көлемінде көгалдандыру;	70 бұталарды отырғызу;	6	6	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу.	900 шаршы метр;			
5.	Торайғыр ауылдық округі әкімінің аппараты	Аудан көлемінде көгалдандыру;	60 бұталарды отырғызу;	12	12	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу.	800 шаршы метр;			
6.	Қызылтау ауылдық округі әкімінің аппараты	Аудан көлемінде көгалдандыру;	60 бұталарды отырғызу;	10	10	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу;	800 шаршы метр;			
		су құбырларын жөндеу.	200 метр;			
7.	Қаратомар ауылдық округі әкімінің аппараты	Аудан көлемінде көгалдандыру;	60 бұталарды отырғызу;	4	4	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу.	800 шаршы метр;			
8.	Күркелі ауылдық округі әкімінің аппараты	Аудан көлемінде көгалдандыру;	60 бұталарды отырғызу;	12	12	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу;	800 шаршы метр;			
		баспа өнімдерін таратуға көмек;	аптасына 200 дана ;			
		су құбырларын жөндеу.	300 метр;			
9.	Құндыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты	Аудан көлемінде көгалдандыру;	60 бұталарды отырғызу;	12	12	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу;	800 шаршы метр;			
		баспа өнімдерін таратуға көмек.	аптасына 200 дана .			
10	Сәтбаев ауылдық	Аудан көлемінде көгалдандыру;	60 бұталарды отырғызу;	12	12	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу;	800 шаршы метр;			

	округі әкімінің аппараты	баспа өнімдерін таратуға көмек.	аптасына 200 дана .			
11	Жаңажол ауылдық округі әкімінің аппараты.	Аудан көлемінде көгалдандыру;	60 бұталарды отырғызу;	12	12	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу;	800 шаршы метр;			
		баспа өнімдерін таратуға көмек;	аптасына 200 дана ;			
		су құбырларын жөндеу.	200 метр.			
12	Жаңатілек ауылдық округі әкімінің аппараты	Аудан көлемінде көгалдандыру;	60 бұталарды отырғызу;	12	12	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу;	800 шаршы метр;			
		баспа өнімдерін таратуға көмек	аптасына 200 дана .			
13	Ұзынбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты	Аудан көлемінде көгалдандыру;	60 бұталарды отырғызу;	10	10	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу;	800 шаршы метр;			
		баспа өнімдерін таратуға көмек;	аптасына 200 дана ;			
		су құбырларын жөндеу.	200 метр.			
14	Лекер ауылдық округі әкімінің аппараты	Аудан көлемінде көгалдандыру;	60 бұталарды отырғызу;	4	4	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу.	800 шаршы метр;			
15	Шөптікөл ауылдық округі әкімінің аппараты	Аудан көлемінде көгалдандыру;	60 бұталарды отырғызу;	4	4	Баянауыл ауданының бюджеті
		көріктендіру және тазалық жұмыстарын жүргізу.	800 шаршы метр;			

16	"Баянтау" газетінің редакциясы	Баспа өнімдерін таратуға көмек.	аптасына 2000 дана.	1	1	Баянауыл ауданының бюджеті
17	"Баянаула баурайы" газетінің редакциясы	Баспа өнімдерін таратуға көмек.	аптасына 2000 дана.	1	1	Баянауыл ауданының бюджеті
18	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Ағымдағы құжаттармен жұмыс істеуге көмек, шұғыл хат-хабарларды жеткізу.	күніне 10-15 құжат.	2	2	Баянауыл ауданының бюджеті

Ескерту: Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбек ақы төлеу және еңбек шарты негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына, күрделілігіне байланысты болады.